

## Ұлттық қауіпсіздік мұқтажы үшін жер учаскелерін беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 545 қаулысы

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексі 13-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің 2019 әскери бөлімі» мемлекеттік мекемесіне ұлттық қауіпсіздік мұқтажы үшін тұрақты жер пайдалану құқығында Қызылорда облысы елді мекендерінің жері санатынан жер учаскелері берілсін.

2. Қызылорда облысының әкімі және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

3 0

м а м ы р д а ғ ы

№ 5 4 5

қ а у л ы с ы н а

қосымша

### «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің 2019 әскери бөлімі» мемлекеттік мекемесіне елді мекендер жері санатынан тұрақты жер пайдалану құқығында берілетін жер учаскелерінің экспликациясы

Р/с №	Берілетін жер учаскесі жерінің санаты	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жалпы алаңы, гектар	Оның ішінде:		Жер учаскесінің нысаналы мақсаты
				жайылым	басқа	
1.	Қызылорда қаласы елді мекендерінің жері	Қызылорда облысының Қызылорда қаласы, Науай көшесі, нөмірсіз үй	0,1241	-	0,1241	наубайхана үшін
2.	Қызылорда облысының Шиелі ауданы Шиелі елді мекенінің жері	Қызылорда облысының Шиелі ауданы, Шиелі елді мекені, Д. Смайылов көшесі, нөмірсіз үй	0,5466	-	0,5466	Шиелі шекара базасы үшін

Барлығы:	0,6707	-	0,6707
----------	--------	---	--------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК